

Қарасу негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстар қорытындысы

Қарасу негізгі мектебінде 2023-2024 оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасындағы ата-ананың ықпалын арттыру, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ: Тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау мақсатында оқушылардың отбасылық жағдайына талдау жасалды. Жаңа оқу жылында балаларды оқытудағы жаңалықтар мен өзгерістер туралы, бала өмірінің қауіпсіздігі, соның ішінде мектепке ікелуге тыйым салынатын заттар тізбесімен таныстыру, мектеп жарғысымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.



Қыркүйек айында «Білім мекемесіндегі өмір қауіпсіздігі» атты жалпы ата-аналар жиналысы жасалып, Бала құқығы – басты құндылық» балалар құқығымен таныстыру, «Балаларға қатыгездікпен қараудың және құқықбұзушылықтың алдын алу», «Жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігінің, ерте жүктіліктің алдын – алуды ата – аналарға арналған кеңестер» және оқушылардың (1-4 сыныптар) бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы туралы мәселелер талқыланды.



Қараша айында «Ұлттық тәрбие – ұлағат көзі» тақырыбындағы жалпы ата – аналар жиналысында «Қазақ нашакорлыққа қайдан үйір болды?» тақырыбында пікірталас, «Қазіргі таңдағы ұлттық тәлім – тәрбиедегі қарама - қайшылықтар» атты ой – талқы, «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» танымдық сабақ (оқушылар мен ата – аналар), «Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері» дөңгелек үстел, «Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау(жаман сөздер айтатын) ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу» ұл балалар тәрбиесі жұмыстары туралы мәселелер қаралды.



«Әлемнің әміршісі – еәбек» атты ата – аналармен жұмыста «Мамандықты дұрыс таңдау – өмірдің бір кірпішін дұрыс қалау» атты ойын – саяхат, білім мен тәрбие саласындағы жетістіктер, ата – аналарға психологиялық көмектер көрсетілді.



Наурыз айында «бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі» атты ата – аналар жиналысында «Тұлғаның қалыптастыруына ықпал ететін факторлар» тренинг, «Жақсы ата – ана болуың сыры неде?» кеңестер беру, «Діні қуатты елдің іргесі берік» (жағдаяттарға жауап алу) «Мұны білу маңызды!» жаднамалар, кеңестер тарату және көктемгі каникулдағы қауіпсіздік, судан сақтану ережелері таныстырылды.



Мамыр айында «Табысты мектеп – мінсіз оқушы» атты жылдық ата – аналар жұмысын қорытындылау жиналысы өтті. Бұл жиналыста алдағы жаз мезгіліндегі қауіпсіздікті сақтау мақсатында «Қылмыссыз жаз» тақырыбында түсінік жұмыстары, жазғы каникулды тиімді, қызықты өткізу туралы жазғы лагерь жұмыстарымен таныстыру және марапаттау мен «Сіздер үшін...» атты үйірме жұмыстарының жетістіктерінен тұратын қорытынды концерт ұсынылды.



Жоспар негізінде «Мен әкемді мақтан етем » тақырыбында өнегелі әкелермен кездесу, бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналары арасында «Толағай» отбасылық сайысы, 1-қазан қарттар мерекесіне орай «Қарттарым, аман-сау жүрші» тақырыбында қарттарға арналған мерекелік бағдарлама, мектеп психологының ұйымдастыруымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бала психикасына әсері» тақырыбында ата-аналарға дөңгелек үстел, «Қауіпсіз терезе» Республикалық ақпараттық акциясы аясында «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында 1-9-сынып оқушыларына ата-аналары жиналысы ұйымдастырылып түсінік жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел, «Алаяқтардан, сақтан!» тақырыбында түсінік жұмыстары, «Бір отбасы-бір кітап» акциясы аясында ата-аналармен бірлескен поэзия минуттары, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында «Терроризм мен экстремизмнің алдын алу шаралары» тақырыбында ата-аналарға жаднамалар таратылып, «Отбасындағы тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында психологиялық сабақ ұйымдастырылды.



Облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 21.09 № 2/4221 хатына сәйкес, мектеп директорының 19 қазан 2023 жылғы № 18/1 бұйрығымен

мектеп пен ата – ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында, құқық бұзушылықтың алдын алу үшін және ата – ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында ата – аналар мен мұғалімдерден кезекшілік кестесі құрылып, тұрақты жұмыс жасады. Әр айдағы жұмыстың қорытындысы мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланып отырды. .



Кезектен тыс «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мен «Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» туралы ата – аналарға түсінік жұмыстары жүргізілу мақсатында ата – аналар жиналысы өтті. . Жалпы 21 ата – ана қатынасып, орталықтың ашылуына және алда өтетін іс – шараларға бірауыздан қолдау білдірді. Бағдарламаның мазмұны, мақсаттары мен міндеттері түсіндірілді. Бағдарламаның мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу

Міндеттері:



- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Т.Дуйсегалиева